

7. Educational films and videos;
8. Animation;
9. Live action, role-playing games;
10. Recording;
11. Case studies.




Figure 2 - Results of a survey of groups of people working in the same team

Based on the survey results (Fig. 2), it can be concluded that kinesthetic learning style is more suitable for most people when it is possible to practice during training. Another popular answer was "online learning", indeed, nowadays it is one of the most popular and convenient teaching methods. Also, according to the diagram, you can see that none of the respondents answered films, videos and teacher-led training, which makes them less in demand among all methods.

In our opinion, in such organizations it is necessary to raise the level of organizational culture, move to new management styles, as well as expand communications with other organizations in the market, including international ones.

literature

- 1 Vestnik of Altai Academy of Economics and Law. - 2021. - No. 4 (part 2) - P.236-243.
- 2 Пуйн А.И. Планирование на предприятии: Учебник. - 9th ed. - Минск: New edition: М.: INFRA-M, 2011. – P.668. - (Higher Education).
- 3 Cockins G. Performance Management: How to Bridge the Gap between Declared Strategy and Real Processes. / Translated from English: Alpina Business Books, 2007. – P.315.

Туженов Е.С., 2 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)
 Ғылыми жетекші – э.ғ.к., профессор Казбеков Т.Б.

БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БОЛЖАУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫН НЕГІЗДЕУ

Болжау жетекшінің негізгі қызметтерінің негізгі рөлін атқарады. Басқару теориясында бұл қызметті тұжырымдауға екі негізгі тұрғыдан: ол өз бетінше атап көрсетіледі немесе басқарудың басқа қызметі - жоспарлауды жүзеге асырудың негізгі кезеңі ретінде қарастырылады. Бірінші тұжырым әлдеқайда баламалы. Болжау басқарудағы өз рөлінің мазмұнын жүзеге асырудың айрықша формалары және әдістерінің болуымен ерекшеленеді. Ол басқаруда дербес рөл атқарады, сондықтан да оның мақсат қою және жоспарлау қызметтерінің арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі маңызды қызметтерінің бірі болып табылады.

Басқару іс-әрекетіндегі болжау сыртқы шарттар өзгерістеріне «енжар әсер ету» стратегиясынан осы өзгерістердің «белсенді алдын алу» стратегиясына өтуде және оған дайындалуда шешуші фактор болып табылады, бұл қызметтің мәні, міне, осында. Болжауды жетілдіру қажеттілігі соңғы кезде кең қолданыс тапқан жағдайлық әдіснамаға байланысты әлдеқайда көкейкесті бола түсті.

Бейімделу және сыртқы орта тиімді басқаруға арналған шешуші ұғымдар болып табылады.

Бейімделу жағдайлық және перспективалық болуы мүмкін. Алдын орау басқаруының ең табыстысы, ол болжау мәселесін жағдайлық әдіснамадағы бастылардың біреуі ретінде анықтайды.

Екі компоненті - тікелей және жанама әсерлері бар сыртқы орта өзгерулерінде болжау шешуші болып табылады. Тікелей әсер ету ортасы ұйымның іс-әрекетіне тікелей әсер етуші және өзінде іс-әрекеттің тікелей ықпалын сезінетін факторлардан тұрады. Бұлар - еңбек ресурстары, жеткізушілер, заңдар, тұтынушылар, бәсекелестер. Жанама әсер ету ортасы - ұйымның іс-әрекетіне жедел әсер етпейтін, бірақ онда орташа көрініс беретін факторлар. Олар - экономиканың, ғылыми-техникалық жетістіктердің күйі, саяси, әлеуметтік-мәдени, т.б. факторлары.

Күрделі және өзара байланыстағы факторлардың көптігі болжаудың сыртқы ортасының бірқатар қорытушы сипаттамаларын анықтайды.

Басқарудың болжау теориясында жоспарлық болжау маңызды рөл атқарады. Бұл болжаудың нәтижесі, сонымен қатар бір мезгілде ұйымның жоспарлар жүйесі жасалынатын негіз болып табылады, ол жоспарлау қызметтерінің арасындағы *байланыстырушы буын* рөлін атқарады.

Жоспарлық болжау өздерінің *бағдарлануы* бойынша ерекшеленеді: бұл сыртқы ортаның болашақтағы ықтимал өлшемін және өзінің қызметіндегі болашақтағы мүмкін нәтижелерінің болжаулары. Ұйымның жалпы алғандағы ішкі және сыртқы орта күйін болжауға деген жоспарлы болжаулардың бөлінуі айырмасымен сәйкес келеді, бірақ жалпы алғанда айырмашылықтар болады.

Ішкі жоспарлық болжаулар күрделі салымдар, тартылған инвестициялар көлеміне, қолданылатын технологиялар мен еңбек күрәлдарының өзгеруіне, басқарудың ұйымдық құрылымына, т.б. қатысты болады.

Сыртқы және ішкі болжаулар *сандық* және *сапалық* болады. Сандық болжаулар, мысалы, күтілетін салымдар көлемі (ағымдық деңгейден пайыздық есеппен), сапалықтың, мысалы, өнімнің қандай да бір түрінен күтілетін табысы. Сондай-ақ құрама жоспарлық болжаулар да (сандық-сапалық) бар.

Бастапқы болжамдар бұл процестің барысында нақтыланады. Әрі қарай жоспарлық болжамдарды («үшінші») әлдеқайда мұқият жасаған жөн. Жалпы болжаулардан әлдеқайда нақтыларға өту, олардың уақыт бойынша ауысуы болжау процесінің негізгі мазмұны болып табылады. Бұл процесс бір мезгілде иерархиялық ұйымның сипаттарын алып жүреді, өйткені әртүрлі кезеңдердің жоспарлық болжаулары жүзеге асатын болжауларды нақтылаудың әртүрлі деңгейлерінен көрінеді.

Болжаулардың басқа жіктемелері мен типтері де бар. Бұл - жетекшінің жеке күш-жігері мен ұйым құрамындағы жекелеген топтың (кеңесшілер, болжау жөніндегі сарапшылар) бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі жоспарлық болжамдар.

Жалпы алғанда, болжау қызметі кешенді және көп аспектілі, ол басқарудың барлық кезеңіне және міндеттеріне қосылған.

Соңғы кезде компьютерлік техниканың дамуына байланысты полисценарлық (көпвариативтік) болжаудың рөлі өсе түсті. Жоспарлық болжаудың бірінші салыстырмалы жүйелеріне параллель жасалуда. Олардың әрқайсысының ішіндегі жекелеген болжаулар мазмұны және жайылу хронологиясы бойынша келістіріледі; бұл - бақыланатын жоспарлық болжаулар категорияларына негізделген сценарийлер. Салыстыру нәтижесінде ең ыңғайлы сценарий анықталады. Сценарийлердің негізгі үш түрі бар:

- оптимистік - экономикалық және әлеуметтік перспективалар қолайлы болады;
- реалистік — экономикалық және әлеуметтік перспективалар өз орнында қалады;
- пессимистік - экономикалық және әлеуметтік перспективалар қолайсыз болады.

Болжау қызметі жетекшіден оның барлық зерделік және психологиялық мүмкіндіктерін жұмылдыруды талап етеді.

Әдебиеттер

1. Гриффин Р.У. Менеджмент. - Алматы: Дәуір, 2018. - 768 б.
2. Умбиталиев А.Д. «Басқару психологиясы»: оқу құралы / А.Д. Умбиталиев, К.Б. Сатымбекова, Ғ.Е. Керімбек / Алматы: Экономика, 2019. - 464 бет